

Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 276 "2020-2022 жылдарға арналған Жайсаңбай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Үрғыз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 шілдедегі № 318 шешімі . Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 шілдеде № 7303 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Үрғыз аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 276 "2020-2022 жылдарға арналған Жайсаңбай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6731 тіркелген, 2020 жылғы 24 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер "34 099" сандары "31 809" сандарымен ауыстырылсын,

оның ішінде:

трансферттер түсімі "33 510" сандары "31 220" сандарымен

ауыстырылсын;

2-тармақшасында:

шығындар "34 099" сандары "31 809" сандарымен ауыстырылсын;

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 42 500 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге.

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 32 668 теңге көлемінде белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.";

5-тармақта:

екінші абзацта

"4 030" сандары "1 680" сандарымен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақылар белгілеуге- 60 мың теңге."

2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Ырғыз аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ырғыз аудандық
мәслихатының сессия төрағасы*

Қ. Тілеуғабылов

*Ырғыз аудандық
мәслихатының хатшысы*

К. Қосаяқов

Ырғыз аудандық мәслихатының 2020
жылғы 3 шілдедегі № 318 шешіміне
қосымша

Ырғыз аудандық мәслихатының 2020
жылғы 6 қаңтардағы № 276 шешіміне 1
-қосымша

2020 жылға арналған Жайсаңбай ауылдық округ бюджеті

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы	Ішкі сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	31 809
1			Салықтық түсімдер	579
	01		Табыс салығы	120
		2	Жеке табыс салығы	120
	04		Меншікке салынатын салықтар	459

		1	Мүлікке салынатын салықтар	5
		3	Жер салығы	13
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	441
2			Салықтық емес түсімдер	10
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	10
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	10
4			Трансферттердің түсімдері	31 220
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	31 220
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	31 220

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
1	Кіші функция		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	2	3	Бағдарлама		
			4	Атауы	
1	2	3	4	5	6
				II Шығындар	31 809
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	9 539
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	9 539
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ	9 539

				әкімінің аппараты	
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	9 179
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	360
04				Білім беру	19 096
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	19 096
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	19 096
			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	19 096
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	342
	2			Әлеуметтік көмек	342
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	342
			003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	342

07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2832
	3			Елді мекендерді көркейту	2 832
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 832
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	120
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	40
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2 672
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0
				V. Бюджет тапшылығы(профициті)	0
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0